№ 7 дәріс. Менталдық карталар және визуализация

В.фон Гумбольдт тіл дамуның қайнарын өмірдегі заттық мәдениет құндылықтарынан емес, адам болмысының рухани әлемнен қарастырады. Ғалым тілдің біртіндеп сатылай даму теориясы күрделене түсетіндігі туралы гипотезаларды қарсылығын көрсетіп, оның адам баласының жаратылысымен біртұтас күрделі жүйеде өзара қабысып қатар пайда болғандығын айтады. Сонымен қатар ғалым адамзат баласына тән сөйлеу арқылы ой алмасу тілдік қатынас жасау қасиеті Құдай берген құрметтен бөлек, адамзат баласының тілмен тұтастығын құрайтын өзара ажыратуға келмейтін бүтін деп түсіндіреді. Ғалым зерттеулерінде бір-бірімен өзара ажыратуға келмейтін сабақтастықтан бірліктер тізбегіне басымдық беріледі. Онда негізінен ұлт-тіл-мәдениет, адам-қоғам-тіл, тұлға-халық-тіл секілді тізбектер жүйесінен тұруы адамның, ұлттың, халықтың рухын тілмен байланысты екендігін көрсетеді. «Тіл дегеніміз – сол тілді қолданушы халықтың рухы.

Әр халықтың рухы әр басқа. Соған сәйкес олардың тілдері де басқа болады. Тілдердің өзгешеліктері халықтардың дүниеге көзқарастарының өзгешеліктерінде», – дегенді назардан әсте шығаруға болмайтынын да баса айтады [14]. Сондай-ақ ғалым «Әр тіл өзіндік мәнінше сана-сезімге ықпал етуіне сәйкес дүниеге әртүрлі көзқарас туғызады» және де «тіл ерекшелігі халықтың болмысына әсер етеді, сондықтан тарих пен философия адамның ішкі әлемімен нені байланыстырса, тілді тиянақты зерттеу үшін сол мәселелердің барлығы да ескеріліп, қамтылуы тиіс» деген пікірінен тіл ақиқат әлемді және мәдени бірліктер мазмұнын түсінуге болатындығы туралы ой тастайды [4, 370 б].

Антропоцентристік парадигмада қарастырылатын мәселелер философия, логика, психология ғылымдарының да негізгі мәселелерінің санатына жатады. Мәселен ондағы тіл мен ойлаудың өзара сабақтастығы, тіл адам санасымен, мәдени болмысымен рухани әлемінің құндылықтарымен өзара сабақтастықта болады. Бұл жөнінде ғалым «Тіл мен ойлаудың бірлігі – ажырамас диалектикалық бірлік, бұл сөйлеу (тілдесу) мен ой бірлігі. Себебі тіл жалпы, ұжымдық құбылыс болғандықтан, индивидке тікелей де, жанама түрде де әсер етеді және адам тілді қаншалықты жақсы меңгерсе, тіл де оның ойлауына соншалықты күшті ықпал етеді» дегенді айтады. Яғни, тіл мен ойлаудың өзара сабақтастығы олардың бір-бірімен әрі қоғамдық, әрі индивидуалды-биологиялық тұрғыда ұштасып, өзара үйлесімді бірлікте болатындығынан көруге болады. Тіл біліміндегі антропоцентристік парадигмадағы В. фон Гумбольдт негізін қалаған тіл табиғаты, ұлт болмысы, халық дүниетанымы мен мәдениетіне қатысты және белгілі бір тілде сөйлеуші халықтың мәдени өмірімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен байланыстыра зерттеу ісі Германия мен АҚШ-та, Ресейде қызу қолдау тапты. Сонымен қатар ғалымның лингвофилософиялық идеялары XIX-XX ғ.ғ. «жаңа гумбольдтшылдық» (неогумбольдтианство) атты ғылыми мектептерде өз жалғасын тапты.

Ғалымның зерттеулерін одан әрі тереңдете жалғастыру барысында ХХғ. орта тұсында еуропалық ғалымдар – Л.Вайсгербер, Х.Глинц, Х.Хольц секілді ғалымдар ойлау мазмұны мен ойдың логикалық құрылымы сөйлеу тілінің құрылымдық ерекшелігіне қатысты болатындығы туралы мәселені басшылыққа алды. Олар негізінен тілдің мағыналық-мазмұндық жағына ерекше назар аударды. Ондағы зерттеушілер әралуан тілдердің лексикасемантикалық аясына талдау жасап, сол тілдердің арасындағы ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтаумен болды. В. фон Гумбольдттің еуропалық елдердегі негізгі ізбасары ретінде Германия этнолингвтстикалық мектебін қалыптастыруда ерекше қызмет еткен ғалым – Лео Вейсгербер болды. Л.Вайсбергер тіл табиғатын «болмысты сөйлету» (вербализация мира) дегенді дүниеге әкелді. Онда ғалым «тілдің болмысты иемдену процесі және оны таным объектісіне айналдыру әрекеті» түсініктеме бере отырып, «әр халықта дүниеге тілдік көзқарас болады. Тану тілге байланысты. Тіл – дүниенің кілті. Адам тіл жасағанды ғана таниды. Тіл – дүниенің бейнесі. Сөз нақты затты емес, зат туралы ұғымды білдіреді (выражает)», – дегенді айтады. Яғни, ғалым тілдің дүние танудағы әлеуметтік сипатына, күшіне ерекше мән беріп, оны «дүниені қайта жасаудың құралы» дей келе, сөйлеу тілінің мазмұндық жағын молырақ қамтып, тілді «әрекет етуші күш» ретінде танытатын «жаңаша грамматика» жасақтау қажеттілігін айтқан болатын [15, 129-130, 154 б.]. В. фон Гумбольдтің лингвофилософиялық концепцияларын АҚШ-тағы лингвистикалық мектептердің жалғастырушылары қатарына Д.Уитни, Д.У.Пауэлл, Ф.Боас, Э.Сепир, Б.Л.Уорф секілді тілшілер жатады.

Солардың ішіндегі Америка этнолингвистикалық мектебін қалыптастырушылар Э.Сепир мен Б.Уорфтардың есімдері жалпы тіл білімінде ерекше аталады. Олар салыстырмалы тіл білімі жайындағы теорияны негіздеп, «тіл – таным процесіндегі шешуші фактор» деген пікір айтқан болатын. Олар негізінен Солтүстік Америка үндістерінің тілін салыстырмалы түрде зерттеу барысында жинақталған тілдік деректер арқылы тілдік категориялар адамның ойлау жүйесіне тікелей әсер етеді деген тұжырымдарымен қатар, «СепирУорф гипотезасы» атты теорияларымен тіл біліміне келген болатын. Тілді салыстырмалы тұрғыда қарастыру барысында, олар әр тілдегі категориялардың алуан түрлі болып келуін «сол тілдерді тұтынушылардың қоршаған ортаны да түрліше қабылдайтындығының нәтижесі» деген тұжырым жасаған болатын. Алайда ғалымдардың тілдерді салыстырмалы тұрғыда зерттеулеріндегі кейбір пікірлері өзге тілдерге деген үстем пікірлерінің ұшқары қисынсыз шовинистік көзқарастарының да кездесіп қалатындығын байқауға болады. Дегенмен В. фон Гумбольдттың ұлт пен тіл тұтастығына қатысты пікірлерін басшылыққа алып, оны әрі қарай дамытып, жетілдіре отырып жаңа мысалдармен толықтырғанын жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, Э.Сепирдің: «Тіл – әлеуметтік шындықты түсінудің құралы. Әр тіл – әр түрлі модельмен жасалған. Сондықтан әр тіл айналадағы құбылыстарды өзінше таниды. Яғни әр тілде сөйлейтін адамдар дүниені әр түрлі көреді. Тіл мінез-құлық нормасына да әсер етеді. Халықтың ой өрісін, мәдени дәрежесін

оның тілін зерттемей тұрып түсіну мүмкін емес» деген келісті ойы өз маңызын жоғалтпасы сөзсіз.